

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

"Қызықты математика әлемі"ЖАРИЯЛАНДЫ
05.11.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/109399/

Курбанбаева Кулзира

Білім беру саласы: Таным**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Математика негіздері (Монтессори ойын элементтерін қолдану)**Мақсаты:** Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Заттардың

түсін, көлемін, пішінін айырып, ұзын-қысқа, биік-аласа

ұғымдарын қолдана білуге үйрету.

5-ке дейін тура және кері санауды, кеңістікті бағдарлай

білуді, жеке тапсырмалармен жұмыс жасай білу

дағдыларын жетілдіру.

Керекті құралдар: Әр-түрлі пішіндегі кілттер, жеке балаға жұмыс

жасауға арналған монтессори құралдар, 5 көлемінде

сандар карточкасы, Кеңістікті бағдарлауға арналған

сурет, аудио жазба, музыка.

Оқу іс-әрекет кезеңі

Педагогтың іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

<p>Мотивациялық қозғаушылық кезең</p>	<p>Шаттық шеңбері: -Балалар бүгінгі оқу іс-әрекеті ерекше болмақ.Себебі бүгін біздің оқу іс-әрекетімізге көптеген тәрбиеші апайлар қонаққа келіп отыр. Достарымызбен,апайлармен амандасайық.</p>	<p>Балалар қимылмен көрсету арқылы орындайды</p>
<p>Ұйымдастырушылық-ізденушілік кезең</p>	<p>Сәлем досым! саған да, Саулық тіле, маған да. Сәлеметсіздерме , сіздерде, Қуанып тұрмыз , сіздерде.</p> <p>-Балалар мен бүгін өте қуанып тұрмын себебі кеше бір ерекше шақырту хат алдым. ол хатта «Математика пәнінің білім ханшайымы» бізді өзінің еліне қонаққа шақырып жатыр.</p> <p>Тағалдыру сөзі: Ой,балалар ол елге баратын қақпада үлкен кілт түр екен ғой енді не істейміз? Қараңдасы мына жерге кілттер қойып кетіпті. Балалар неше кілт түр санайықшы.</p> <p>Ал,құлып нешеу? Бұл кілттердің қайсысы тура келетінін білеміз турғаным.Кілттердің бәрі бірдей ме? Ал,бізге қандай пішіндегі кілт дәл келеді?</p>	<p>Бір-бірімен қол беріп амандасады</p> <p>1-2-3-4-5</p>
	<p>Олай болса ашып қарайық, дұрыс таптыңдар балалар. Математика әлемнің есігі ашылды. Аудио жазба: Жұрайыңдар достар! Менің бірінші тапсырмаларым сурінбей өттіңдер.Құттықтаймын! Ғажайып математика пәнінің білім ханшайымы мен сендерге көптеген тапсырмалар әзірлеп қойдым.Менің барлық тапсырмаларымды мұқият орындап шықсаңдар математика елінің құрметті қонағы деген атаққа ие боларсыңдар . Менің тапсырмаларыма дайынсыңдар ма ?</p>	<p>Біреу</p> <p>Жоқ әртүрлі. Үшбұрышты,тік төртбұрышты,шаршы пішінде,сөлеміше домалақ пішінді кілттер бар. Үшбұрышты себебі кілт салатын орын үшбұрыш болып келген.</p>
	<p>Тәрбиеші балаларға қалаған орындарына отыруға ұсыныс жасайды Тапсырма орындау барысында жай әуен ойнап тұрады. Әр бала өзіне алдындағы тапсырманы орындайды. Жұмыс бастамас бұрын әр балаға алдындағы құралдарға байланысты түсіндірме жұмыстар жүргізіп бағыт береді. (Жұмыс материалы бала санына жеткілікті және әр-түрлі болуы керек)</p>	<p>Аудио жазбаны мұқият тыңдайды.</p> <p>Әрқашанда дайынбыз</p>
	<p>«Күн сәулесін жина» (түс,пішін,ұзын,қысқа,сан) «Биік және аласа үйлер» (биік-аласа,санау,пішін) «Мандарин тазалаймыз» (пішін,түс,сан) «Әртүрлі жолақтар» (ұзын -қысқа ұғымдары) «Не жетіспейді» (қыстырғыштармен жұмыс) «Әдемі моншақтар» (Түрлі моншақтарды кезектестіре отырып тізіп шығу) Жұмысын аяқтаған баламен жасаған жұмыс туралы сұрақтар береді. Тәрбиеші:Балалар сауақтармыз шаршаған болар орынымыздан тұрып кішкене бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сөзі: Орнымыздан тұрайық, Мойнымызды бұрайық, Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып жұмайық, Содан соң қолды түсіріп , Иықтан кері жіберіп , Алдымызға соғайық. Алақанды соғайық 1-2-3-4-5 Тақтамен жұмыс: Дид ойы:«Адам сандарды тап.» (Сандардың ретін анықтап , тура және кері санату) Дид ойы:«Айгүлдің ойыншықтарын табуға көмектес» (Көнекістікі бағдарлау,оң-сол,алдында,артында, үстінде, астында ұғымдарын бекіту) Сергіту сөзі: 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 - алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық, 5 дегенде асықтай, Орнымызды табайық.</p>	<p>Балалар өздерінің қалаған орындарына жайғасады</p> <p>Алдарындағы жұмыс құралдарымен танысады.</p> <p>Тапсырманы қызығушылықпен орындайды. Күннің пішіні домалақ,сары,саулелері әр түрлі ұзын-қысқа т.б</p> <p>Екі қатарлы үй бір қатарлы үйге қарағанда биік.Шатыры үшбұрыш,түсі қызыл,дәбировалары тік төртбұрыш,терезелері шаршы. Мандариннің пішіні домалақ,түсі сары т.б</p>
	<p>Бірінші қоныраудан кейін құралдарын өз орындарына жинап қоюларын қадағалау.</p> <p>Екінші қоныраудан кейін балалар ортаға жиналып шеңбер құрады. Балалармен ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау.Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.</p> <p>Марапаттау сөзі: Жұмыс барысында тазалаған мандарин беру.</p> <p>Аудио жазба: Менің кішкентай достарым! Мен сендерге ризамын сендер ақылды да алағыр балалар екенсіңдер.Болашақ математика жұлдыздары болатындарыңа мен сенемін сондықтан болашақ математика әлемнің кішкентай жұлдыздары деген марапат беремін. Сау болыңдар! (Балаларға жұлдызшалар таратылады)</p>	<p>Қимылдарын жасай отырып сергіту жаттығуын орындайды</p> <p>1-2-3-4-5 5-4-3-2-1 Санмақты бәрі айтады</p> <p>Қимылдарын жасай отырып сергіту жаттығуын орындайды</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік кезең</p>		<p>Құралдарын мұқият жинастырады</p> <p>Оқу іс-әрекетінен алған әсерлерімен бөліседі</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: 5-көлеміндегі сандарды тура және кері санайды ,заттың кеңістікте орналасу ретін түсін,пішінін ажыратады.

Түсінеді: «Биік» ,»аласа» ,»ұзын», «қысқа» ұғымдарын дұрыс қолданады.

Меңгереді:Берілген тапсырманы түсініп,өз бетінше әрекет етуді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.